Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 02 - 06 желтоқсан
2024-2025 оқу жылы
**1-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 02.12.2024ж** | **Сейсенбі 03.12.2024ж** | **Сәрсенбі 04.12.2024ж** | **Бейсенбі 05.12.2024ж** | **Жұма 06.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күйімен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Үш түрлі смайликпен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Достар әнімен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** |  Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесіп бақылау. **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, экологиялық тәрбие** |  Оюл арды сәйкестендір Балалар дың есте сақтау қабілетін дамыту,ұлттық құндылықты насихаттау. **Бір тұтас тәрбие** |  «Түстер ді ата». Шарты: балалар кубиктерді алып орналастырады,оларды ң түстері қандай екенін атайды. **Танымдық дағдылар, математика** |  «Анасын табуға көмектес». Шарты: малдың төлдерін анасының жанына орналастырады. **Әлеуметтік-эмоционалды** | Музыка тыңдау шаттану. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесу. **Шығармашылық, әлеуметтік дағдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **негіздері** | **дағдылар, қоршаған ортамен танысу** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту **Сөйлеуді дамыту** | заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу **Сөйлеуді дамыту** | мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету **Сөйлеуді дамыту** | Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. **Көркем әдебиет** | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу **Қазақ тілі** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру; қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру; допты оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру сызықтан секіру Қимылды ойын: | **Музыка** Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: әртүрлі бағытта:«жыланша» жүру; бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен тепе теңдік сақтап жүру; допты кеуде тұсынан лақтыру; тұрған орнынан ұзындыққа 40 | **Қазақ тілі** (Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: әртүрлі бағытта:«жыланша» жүру; тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру; допты оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру Қимылды ойын: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тырналар - тырналар<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. | | сантиметр қашықтыққа секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Қоян мен қасқыр | | Тышқандар мен мысық. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.<br>Бақылау барысы:<br>Көркем сөз<br>Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>*желтоқсан айы қай айдан соң келеді? қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды*? | қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**Бақылау барысы Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)*<br>өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)*<br>бақшалықта қар көп | Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;<br>Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін | *- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.* **Бақылау барысы Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br><br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**<br>♦Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦Қар неге ұлпа болады? | ағаштар туралы білімдерін молайту;ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысыКөркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br><br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦Күзде қандай болды?<br>♦Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды? Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар?<br>Еңбек<br>Ағаштар түбін қармен көму..<br>*Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..*<br>Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау<br>*Мақсаты:* затты лақтыру дағдыларын бекіту.<br>Бір аяқпен секіру.<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.*<br>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету.* | болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*<br>Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)*<br>неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>— | құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)*<br>Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)*<br>Торғайлар қыста немен қоректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)* | ♦ Айналаға қарандаршы, қандай әсем көріністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br><br>**Зерттеу жұмысы**<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br><br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>*Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту* | Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.* |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,** | <br>Таныс кітаптардағы қыс мезігіл інің суреттерін | <br>Кітаптан «Қар ханшайым ы» ертегісін оқып | <br>Топтың ішінен бір немесе бірн ешебірдей затты | Ғажайып қоржын. ішінен әр түрлі заттарды аладырту. Оларды арнайы қораптарға саладырту негізінде. | «Қар ханшайымы» ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру, мультфилімін көрсету. Кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітап қарау және басқалары)** | балалармен бірге қарау, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, бір бірінің пікірлерін тыңдауды жетілдіру. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Домалақ қар түіршіктерін салуды жетілдіру **(Сурет салу)** | беру. (жартысын түстен кейін оқу) Суреттерін көрсету. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Суық жылы, қыс жаз. **(Сөйлеуді дамыту)** Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қар ханшаймының таяғын мүсіндету **(Мүсіндеу)** Ханшайымды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. **(Жапсыру)** | табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру **(Математика негіздері)** Әр түрлі ойын құралдарынан қамал құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Құрастыру)** | заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен атауды жетілдіру. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. **(Құрастыру)** | үйрету. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша аққала немес қар түйіршіктерін ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **(Мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуды машықтандыру. | бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. | өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру. | тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету. | тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Ата-аналарға кеңес | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Қықсы тұмау туралы кеңес |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова
_______________________

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 09 - 13 желтоқсан
2024-2025 оқу жылы
**2-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 09.12.2024ж** | **Сейсенбі 10.12.2024ж** | **Сәрсенбі 11.12.2024ж** | **Бейсенбі 12.12.2024ж** | **Жұма 13.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достарым әнімен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Күй қосу, күй күмбірі | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Күй қосу, күй күмбірі | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау Күй қосу, күй күмбірі | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу Күй қосу, күй күмбірі | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу Күй қосу, күй күмбірі |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Шаш өру" ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену. **Бір тұтас тәрбие** | Біз суретшіміз» Кітап боямақтарын бояу, мозаикалармен және т.б. ойындар. Балалардың тату ойнауларын дамыту. **Шығармашылық дағдылар** | Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді. **Дене шынықтыру** | Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету«Құстарға қамқорлық» **Экологиялық тәрбие** | Қ /о «Мекен мен балапандар» Ит мысық туралы не білетіндерін сұрап, пысықтау. **Дене шынықтыру** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | **Сан.**<br>қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту Кеңістікті бағдарлау | **Геометриялық пішіндер**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. | **Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету | **Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: арқаннан ұстап жүру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; допты кеуде тұсынан лақтыру<br>заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: қол ұстасып жүру;<br>бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру;<br>сызықтан секіру, тұрған орнынан | **Музыка**<br>Музыка тыңдау:<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды | **Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: арқаннан ұстап жүру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; допты кеуде тұсынан лақтыру<br>заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шанамен бір-бірін сырғанату | ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу | | | Шанамен бір-бірін сырғанату |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>1. Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>2. Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? | Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**«Ағаштар»**<br>**М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар | Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;<br>Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>Бақылау барысы<br><br>Көркем сөз<br>Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков<br>Мақсаты:<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан | өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>**Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,ускірік)*<br>♦Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай | көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу;<br>—үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Балалармен әңгімелесу өткізу.**<br>♦ сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *(аялдама.)*<br>♦Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦Автобустың қай жағынан айналып өту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>*Мақсаты:*<br>— бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>— еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Екі аяз»<br>*Мақсаты жүкіруге жаттықтыру;*<br>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау | туралы айтылған<br>♦Ағаштар не үшін керек?<br>♦Ол адамға не береді?<br>♦Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>Зерттеу **жұмысы:**<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. | қандай айырмашылығы бар?<br>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br>Еңбек Аланды қардан тазалау.<br>*Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу* | анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>♦Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. | керек? *(арт жағынан)*<br>♦Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)* |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Видео материал көру Қазақстан дегеніміз не? Сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың | Қазақстанды мекендейтін ерекше жануарлар туралы мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | «Менің қалам, балабақшам» тақырыбында әңгімелесу. Кітаптардан суреттер қарау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Фланелеграф тақтасына үйдің және балабақшаның заттарын тауып жапсырту. | Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру. Көрген ертегілерінен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Топтағы | Терезеге қарап қай мезгіл екенін қандай белгілері арқылы тануға болатынын атату. Қар мұз туралы не білетіндерін сұрау. Суреттермен даладағы табиғатты салыстыру. Кітаптардан қыста ойнап жүрген балалардың суретін көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Ішінен көк түсті тану. Туда бейнеленген күнді салуды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Сурет салу)**<br><br>Құрылыс заттарынан күн бейнесін құрастыру **(Құрастыру)** | Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | **(Жапсыру)** | ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету **(математика негіздері)** | Қар түйіршіктерін нысанға лақтыруға болатынын айтып, доптарды себетке лақтырып ойнау. қағаздарды умаждап қар түйіршіктерін жасату. Оны да себетке дәлдеп лақтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету | алақанға салып тік және дөңгелетіп үйрету;<br>-ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдалануға үйрету | балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету | оюның бөліктері туралы ұғымдарға ие;<br>-кескішпен түрлі безендірулер жасап үйрету | мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту;<br>-қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдап үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

________________

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 16 - 20 желтоқсан
2024-2025 оқу жылы
**3-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 16.12.2024ж** | **Сейсенбі 17.12.2024ж** | **Сәрсенбі 18.12.2024ж** | **Бейсенбі 19.12.2024ж** | **Жұма 20.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Әсем әуенмен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме Күй қосу, күй күмбірі | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау Күй қосу, күй күмбірі | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме Күй қосу, күй күмбірі | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме Күй қосу, күй күмбірі |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | «Тазалық –денсаулық кепілі»<br>Таза бала мұнтаздай<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай<br>Жақсы көрер бар адам.<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Саусақ ойыны «Кірпі»<br>Момақанмын алайда<br>Тікенім көп абайла<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме, жарайма<br>**Коммуникативтік дағдылар** | Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру.-Ұсақ моториканы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту.-Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру.<br>**Біртұтас тәрбие** | Үйдегі және даладағы жануарлардың айырмашылығы жайлы түсіндіру,қауіпсіздік шараларына үйрету<br>**Қауіпсіздік ережелері** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. | Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Музыка**<br>**«Музыкалық аспаптар дүкені»**<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу. | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: жыланша арқаннан ұстап жүру;<br>тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру;<br>заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу;<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>Қимылды ойын: Күміс алу<br>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: биік емес төбеден сырғанау | **Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру;<br>тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру;<br>4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу;<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>Қимылды ойын: Торғайлар мен автомобиль |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | | Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>3. Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>4. Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br><br>Еңбек<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>*Мақсаты:*<br>— бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>— еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын | Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>♦Ағаштар не үшін керек?<br>♦Ол адамға не береді?<br>♦Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа | Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;<br>Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>Бақылау барысы<br><br>Көркем сөз<br>Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков<br>Мақсаты:<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?<br>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады.<br>Қарғаның мамығы | өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>♦Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел*** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Екі аяз»<br>*Мақсаты жүгіруге жаттықтыру;*<br>— Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау | ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>♦Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦Ағаштардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. | қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br>Еңбек Алаңды қардан тазалау.<br>*Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу*<br>Қимылды ойын: «Бәйге».<br>*Мақсаты: жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.* | ***пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>*Мақсаты:*<br>— Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>— Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>*Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.* |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | Балалар, ауырғанда дәрі беретін, емдейтін апайлар мен ағайларды дәрігер деп атайды. Дәрігер мамандыққа жатады Ауырып қалсаңдар аналарың дәрігерді үйге шақырады. Сонда олар үйге қандай машинамен келеді?**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеудідамыту** | Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату<br>Таңдаған ойыншығының **суретін салу және жапсыру, мүсіндеу** жұмыстарын орындату<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын | Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-ла Арман жақсы бала, қа-қа-қаБақылдайды бақа. Тіл ұстарту жаттығуын жасату **(сөйлеуді дамыту)**<br>Қуыршақтармен ойын. Әлдилеу, тамақтандыру, ұйықтату. | «Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Қоржындағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру.<br>Қоржыннан алған ойыншықтың сыңарын тапқызу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тамашалау. Қандай ойындар ойнауға болатынын сұрау. Дауыстарынан тану. Еркін ойындар ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту. **(сурет салу, мүсіндеу)** | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Балаларға сурет бойынша рәміздер туралы үйрету | сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстай біледі | алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі;<br>-ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдаланады.<br>-балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды | айналасындағы заттардың міндеттерін үйрету;<br>-табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қамқорлық танытып үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі*** 23 - 27 желтоқсан
2024-2025 оқу жылы
**4-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 23.12.2024ж** | **Сейсенбі 24.12.2024ж** | **Сәрсенбі 25.12.2024ж** | **Бейсенбі 26.12.2024ж** | **Жұма 27.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу Күй қосу, күй күмбірі | Қызыл жүрекшемен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | "Қамшы өру" ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру. **Бір тұтас тәрбие** | «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу **Әлеуметтік дағдылар** | «» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу. **Танымдық дағдылар** | «Жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу.**Коммуникативтік дағдылар** | Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру«Көгершін» оригами құрастырамыз **Экологиялық тәрбие, шығармашылық дағдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. | Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. | Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару | Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту | Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: арқаннан ұстап жүру; тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру;<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>Шыбыққа қалпақ кигізу<br>Қимылды ойын:<br>Спорттық жаттығулар: | **Музыка**<br>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру; бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>допты кеуде тұсынан лақтыру;<br>оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) | **Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру; қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру;<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шанамен сырғанау: биік емес төбеден сырғанау. | | лақтыру сызықтан секіру Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық. | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау.<br>Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер үйрету:<br>Қыс – қызыл, жаз – жасыл.<br>Бір тал кессең,<br>Он тал ек.<br>Қимылды ойындар: Шанамен ойындар ойнау. Шаңғы тебуге үйрету. | Бақылау: Желдің соғу бағытын бақылау (желдің әсерін ағаштың қисаюі, қандай құбылысқа жататынын анықтау)<br>Еңбек: Балалармен аулада қар күреу.<br>Жеке жұмыс: Бір – бірімен тату ойнауға, сыйластыққа, жылы сөз айтуға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Допты домалат», «Кегли»<br>Өзіндік іс – әрекет: спорттық ойын түрлерін ойнауға жаттықтыру. | Бақылау: Терезеге салған аяз өрнегін бақылау.<br>Еңбек: Топта табиғат бұрышында балықтарды жемдеу.<br>Жеке жұмыс: Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан)<br>Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты»<br>Өзіндік іс – әрекет: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету | Бақылау: Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Оларды атау.<br>Еңбек: Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>Жеке жұмыс: Ерқанатқа, Жангелдіге, Ерназарға еңбек түрлерін айтқызу (қар күреу, жем шашу, суару)<br>Қимылды ойын: «Доп лақтыру»<br>Өзіндік іс – әрекет: Артық, кем, қанша, болса сонша ұғымдарын қалыптастыру | Қимылды ойын: «Даусын таны»<br>Мақсаты: балаларды бір – біріне жақындастыру, даусын таныту.<br>Өзіндік іс – әрекет: Қардан қамал тұрғызу |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,** | Ұжымдық сурет салдырту.<br>Әр түрлі пішіндегі қар түйіршіктерін салу<br>**(сурет салу)** | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын | Шыршаға ойыншықтар жапсыруды ұйымдастырып.<br>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, | «Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітап қарау және басқалары)** | Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасату.Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсырту. **(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, әр түрлі құрылымдар құрастырту. **(құрастыру)** | анықтауды: (үстінде-астында) меңгерту **(Математика негіздері)**<br><br>Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. **(Көркем әдебиет)** | мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүрту үшін майлықты қолдануды үйрету. **(Жапсыру)**<br>Шырша ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту дағдысын дамыту(үлкен, кіші) **(Математика негіздері)**<br>«Шырша» әнін тыңдату, балалардың таңдауы бойынша шырша ойыншығын мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** | Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)** | Балалардың таңдауы бойынша тағамдардың суретін салып, дайын тағам пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын үйрету;<br>-табиғаттағы өзін-өзі ұстау қарапайым ережесін үйрету | айналасындағы заттардың міндеттерін біледі;<br>-табиғат бұрышының тіршілік иелеріне қамқорлық танытады | Мәдени гигиеналық шараларды орындау | жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын сақтауға үйрету | өздігінен түрлі ойындар ойнауды, ойын ережелерін сақтай алуды үйрету |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді. | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 30 желтоқсан – 03 қаңтар
2024-2025 оқу жылы
**4-апта**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 30.12.2024ж** | **Сейсенбі 31.12.2024ж** | **Сәрсенбі 01.01.2025ж** | **Бейсенбі 02.01.2025ж** | **Жұма 03.01.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балабақша әнімен жақсы көңіл күймен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | Қызыл жүрекшемен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі | | | Әдемі қуыршақпен қарсы алу Күй қосу, күй күмбірі |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | | | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Фотосуреттер қарастыру «Қысқы табиғат».**Әлеуметтік дағдылар** | Табиғат бұрышындағы гулдерге су құюға көмектесіп бақылау **Әлеуметтік дағдылар** | | | **Дидактикалық ойын:**«Пішіндерді орналастыр» **Танымдық дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын | | | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеті).Әнұран орындау | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы атауларын қолдануды үйрету. | Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту | . | | Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>көлбеу модуль бойымен, туннельарқылы еңбектеу;<br><br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру | **Музыка**<br>Музыка тыңдау:<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды | | | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. биік емес төбеденсырғанау. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Қысқы аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға суреттер арқылы аю, кірпі, қоян, қасқырдың қысқы тірлігі туралы әңгімелету.<br>Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазарту.<br>Жеке жұмыс: сурет арқылы әңгімелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, ой – өрісін дамыту. | Бақылау: Қыста киетін киімдерді ажырата білуге, оларды аттарымен атауға үйрету.<br>Еңбек: қар тазалау. Балаларды еңбекке баулу.<br>Жеке жұмыс: Жаңылтпаш жаттау<br>1. Ақ, ақ<br>Секеңдейді лақ.<br>2. Аң, аң | | | Бақылау: Қысқы аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға суреттер арқылы аю, кірпі, қоян, қасқырдың қысқы тірлігі туралы әңгімелету.<br>Еңбек: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазарту.<br>Жеке жұмыс: сурет арқылы әңгімелеу. Балалардың сөздік қорын молайту, ой – өрісін |